24-дәріс

ҚАЗАҚСТАННЫҢ АШЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ТІЛ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯ

Лексика мен тілдік қолданыстағы идеология

Дәрістің мақсаты: оқырман нақты сөздер мен сөйлемдерді қолданудың астарындағы прагматикалық мақсаттардың айырмашылығы туралы білетін болады.

Дәрістің басты терминдері: идеология, ресми сыпайылық, индивидум культі.

• Идеология – адамдардың шындыққа қатынасы зерделеніп, анықталатын, әлеуметтік топтардың мүдделері көрініс беретін саяси, құқықтық, адамгершілік, діни, эстетикалық идеялары мен көзқарастарының жүйесі;
• Ресми сыпайылық – ағылшын тілді қоғамның айқын ерекшелігін танытатын, қалыптасқан формалды этикет нормалары;
• Индивидум культі – жеке адамның сезімдері мен қажеттіліктеріне деген құрметтен тұратын, бірлестікті, ұжым болып өмір сүруді теріске шығаратын бағыт, түсінік.

Лексикадағы прагматика идеологиядан шығады. Тарихшылардың айтуынша, ұжым, қауым болып бірлестікте өмір сүру орыс халқына тән ежелден келе жатқан әдет. Керісінше, батыс идеологиясының негізінде жеке индивидуумға табыну, жеке адамның сезімдеріне және оның қажеттіліктеріне құрмет жатыр. Бірлестікті елемеуге, оны мойындамауға тырысты.

Ағылшын тілін халықаралық және мәдениетаралық тіл ретінде түрлі ұлт өкілдері мен нәсілдері қолданатындықтан және қолдандыру үшін тілде саяси сыпайылық жеке тұлғаның сезімі мен ар-намысы, оның құқығын жерге таптайтын, жеке тұлғаның жас ерекшелігі мен денсаулық жағдайы, әлеуметтік мәртебесі, сыртқы келбетіне қатысты жағымсыз реңкі тілдік бірліктерді жаңа тілдік тәсілдермен алмастырылды.

Ағылшын тілін үйрету секілді психологиялық нәзік дүниеде үйренушілер үйрену пәнінен жүректері шайлығып қалмас үшін, өзін-өзі нашар сезіну комплексін, бөтен тілдің, бөтен мәдениет пен бөтен әлемнің территориясына енген кездегі қорқынышы мен сенімсіздігін тереңдетпеу үшін оларға өте сезімталдықпен, ерекше назармен көңіл бөлінуі керек. Ол туралы ойлану қажеттігі, to think about әрі қарай тар жол, тайғақ кешумен жүруге жол ашады.

Ағылшынтілді ресми құжаттарда: комитеттер, ассоциациялар, конференциялар жиылысының әртүрлі хаттамаларында – қатысушылардың бар-жоғын түгендеп, қолын қойдыру барысында орыс тіліндегі «присутствовали» (қатысты, бар) сөзіне сәйкес келетін present сөзімен бірге оның антонимі күткендегідей absent сөзі емес, apologies сөзі, яғни «жиналысқа қатыса алмағаны үшін кешірім сұрайды» қолданылады. Сіз бұл жиналысқа қатыса алмағаныңыз үшін кешірім сұрамасаңыз да, бұл жиылысты елемесеңіз де, ағылшын тілі Сізді барынша сыпайы әрі мәдениетті етіп көрсетуге тырысады.

Ағылшын тілінің тым сыпайылығы, оның индивидумға әдепті әрі қамқор қарым-қатынасы төмендегі факторларға негізделген:

1) әлеуметтік мәдениет пен қоғамдық тәртіп деңгейінің жоғарылығы;
2) халықтың, ұжымның жалпы мүддесіне негізделген Кеңестік Ресей идеологиясына қарама-қайшы батыс қоғамының жеке тұлға культін жоғары қоюы мен оның жеке әлемінің (privacy) негізіне бағытталған идеологиясы мен менталитеті;
3) адамды болашақ клиент ретінде қарастыратын коммерциялық мүдде.

Шет тілін үйренушілердің әлеуметтік-мәдени, идеологиялық білім компоненті тілдік коммуникацияның дұрыс және тиімді болуы үшін аса маңызды фактор. Мәселен, орыс адамына адамдарға деген қалыпты қарым-қатынас, белгілі дәрежедегі реакцияның шынайылығы, эмоционалдық пен сезімталдық тән.

Өз бетінше орындайтын тапсырмалар

1. Keep smiling – «қандай жағдай болсын күлімсіре» деген Америка өмір салтының ұраны елжанды тұлғалардың қалыптасуына қаншалықты әсер ететінін аңғарыңыз, танысыңызбен ой бөлісіңіз.

2. Батыс елдері үшін бұзақылық пен айналаңа қауіп төндіру болып саналатын әрекеттердің орыс, қазақ ұжымы үшін достық ниет, өзара көмек көрсету болып түсінілетін айырмашылығына үшінші тарап ретінде баға беріңіз.

3. Батыс еліндегі кісі-клиентке арналған коммерциялық сыпайылық және коммерциялық қамқорлық жалпы адамзаттық мәдениетті қалыптастыру мүмкіндігі туралы ой қорытыңыз.

Бақылау сұрақтары

1. Ағылшындардың кісі-клиентке арналған коммерциялық сыпайылық және коммерциялық қамқорлығын көрсететін өзіңіз жолыққан қандай мысалдар келтірер едіңіз?

2. Ағылшындар мен американдықтардағы әлеуметтік мәдениет пен қоғамдық тәртіп деңгейінің жоғарылығы қандай жолдармен қалыптасты деп ойлайсыз?

3. Батыс қоғамының жеке тұлға культін жоғары қоюы мен оның жеке әлемінің (privacy) негізіне бағытталған идеологиясы жалпыадамзаттық идеологиямен қалай сәйкеседі деп ойлайсыз?

Дәріс тақырыбы бойынша қосымша ресурстар

1. Тер-Минасова С.Г., Язык и межкультурная коммуникация. – Москва, «Издательство Московского Университета», 2004 г.

2. Шадкам З., Мәдениетаралық қарым-қатынас (Сөйлеу этикеті). – Қазақ университеті, 2011. 157 б.

3. Мәдениетаралық коммуникация теориясы мен практикасы құраст. Р.А. Омарова, Г. З. Жанзакова. – Павлодар: Кереку, 2009. – 119 б.

4. Пиаже Ж., Избранные труды. Психология интеллекта. Генезис числа у ребенка. Логика и психология. – М.: Просвещение, 1964. – 659 с.

5. http://www.dissercat.com/content/pragmatika-yazyka-turisticheskoi-reklamy.

6. chrome-distiller://d005e9a0-bf95-4ecb-b5df-d0d89f31e43/?time=20620436&url=http%3A%2F%2F.

7. www.bibliotekar.ru%2Fdelovoe-obschenie%2F29.htm.

8. Жұбаева О., Қазақ тілінің когнитивті грамматикасы. – А., 2014 – 392 б.

9. Алимжанова Г.М., Речевой этикет казахского и русского языков в ритуализованных ситуациях. – А., 2004. – 106 с.

10. Кашкин В.Б., Основы теории коммуникации. – М., 2007. 256 с.